


**Қазақстандағы
институттар, колледждер,
училищелер және
театрлардың ашылуы
киномотографиньың дамуы**

Мұфтоллаев Дулат

- ▶ **1924 жылғы сәуірде “Сауатсыздықты жою” қоғамы құрылды. Ол еңбекшілердің қолдауымен ерікті мүшелік негізінде жұмыс жүргізді. 1926 жылғы мамырда Халық Комиссарлар Кеңесі “Қазақ АКСР бірыңғай еңбек мектептерінің жарғысын” қабылдады. Үш жылдық және төрт жылдық мектептердің үлес салмағын көбейту бағыты ұсталды. Қыздарға арналған мектептер Шымкентте, Алматыда, Түркістанда, Ордада ашылды. 1931 жылғы желтоқсанда “15-50 жас арасындағы сауатсыз халыққа жалпыға бірдей міндетті сауат ашу” енгізілді. Ұлы Отан соғысы алдында еңбекке жарамды халық арасында сауатсыздықты жою**



- ▶ **1930-1931 оқу жылында отырықшы аудандарда, 1931 жылдың көктемінде көшпелі аудандарда жалпыға бірдей білім беру енгізілді. Барлық жерде жалпыға бірдей білім беру жөніндегі қоғамдық қорлар құрылды. Білім беру ісіне қамқорлық жасауды Қазақстан комсомолы мойнына алды. Ұлттық зиялы қауым қайраткерлері ана тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға кірісті. 1920-жылдардың ортасында республикада татар, өзбек, ұйғыр, неміс және эстон бастауыш мектептері жұмыс істеді.**



Қостанайдағы орыс-татар мектебі

- ▶ **Соғыс қарсаңында жүздеген мұғалімдер ордендермен және медальдармен марапатталды. “Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі” атағын алғаш алған ұстаздар – С.Көбеев, С.Ақышев, А. Ақатов, Ш.Сарыбаев, Л.И.Добранская, Н.В.Волков т.б.**



- ▶ **Қазақстанда тұңғыш жоғары оқу орны – педагогикалық институт 1928 жылы ашылып, оған кейін Абайдың есімі берілді. 1929-1931 жылдары Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік, ауылшаруашылығы және медициналық жоғары оқу орындары ашылды. 1931-1932 жылдары Орал және Қызылорда педагогикалық институттары ашылды. 1934 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті ашылды. Қазақ кен-металлургия институтының ашылуы республикада инженер-техник кадрларын даярлаудың негізін қалады. Кейіннен Оралда, Семейде, Петропавлда, Ақтөбеде, Қарағандыда, Қостанайда мұғалімдер институттары ашылып, олар педагогика институттары болып қайта құрылды**



Театрлар

- ▶ Қазіргі қазақ кәсіби театрының тарихы 19 ғ-дың 2-жартысынан басталады. 1859 ж. Оралда, 1869 ж. Орынборда, 1875 ж. Омбыда орыс драма театрларының негізі қаланып, жұмыс істей бастады. 1890 ж. Семей қ-нда “Музыка мен драмалық өнер әуесқойларының қоғамы” ұйымдастырылды. Алғашқы драм. шығармаларда Г.Д. Гребенщиков “Жақсы жігіт” пьесасының (1907) сюжетін қазақ тұрмысына құрса, Н.П. Анненкова-Бернар ұлттық дастан негізінде 1908 ж. “Бекет” атты драма жазып, кейін оны сахнаға шығарды. 1913 – 14 ж. Семейде қазақ мұғалімдері мен оқушы-жастар бірлесіп, “шығыс кеші” деген атпен ойын-сауық кештерін ұйымдастырды. Ұлттық театр өнері тарихында мәні зор ойын-сауықтар қатарында: Абайдың қайтыс болғанына он жыл толуына арналған әдеби, этногр.-муз. кеш (1914), “Біржан мен Сара айтысы” (1915, екеуі де Семейде) және “Қазақша қыз ұзатудың” (1915, Атбасарда) сахнаға лайықталған нұсқасын атауға болады.

- ▶ *Қазақстан аумағындағы алғашқы киносеанс 1910 жылы болды, бірақ бұл комерсанттардың ақша табу мақсатындағы кәсібі болғандықтан ол елде кино өнерінің таралуына да, кино индустриясының орнауына да әкелген жоқ.*
- ▶ *Қазақстандағы киноның алғашқы қадамдары 1925 жылы жасалды. Осы кезде Қызылордада өткен Республика кеңестерінің V съездінің хроникалық түсірілімдері жасалды. Сол жылы Қазақстан туралы алғашқы деректі фильм — «ҚАКСР-ның мерейтойы» түсірілді.*




Востокфильм

- ▶ 1929 жылы Алматыда Жалпы ресейлік «Востокфильм» өндірістік бөлімшесі болып табылатын алғашқы киностудия ашылды. Зертхана, монтаждық, мультипликациялық және жазбалар жасайтын цехтар салынды. Бөлімше өз күшімен «Соңғы хабар» деген жалпы атауға ие болған бірнеше хроникалық киножурнал жасап шығарды. Бірнеше қысқа метражды деректі фильм түсірілді: «Ауылдардағы кооперация», «Жаңа астана» (Алматы туралы), «Қызыл Әскер», «Жайлауға» және Түрксіб құрылысы туралы екі киноочерк. 1931 жылы жабылып қалды, ал «Востоккино» басшылығы жұмыстың бәрін Мәскеуге көшірді.



Амангелді

- ▶ 1939 жылы «Ленфильм» киностудиясында алғашқы қазақ көркем фильмі — «Амангелді» түсірілді (сценаристтер: В. Иванов, Бейімбет Жармағамбетұлы Майлин, Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов; режиссеры М. Левин; басты рөлді сомдаған Е. Өмірзақов). Бұл фильм Қазақстан кинематографының негізін қалады. Оның экранға шығуы Қазақ КСР-ның мәдени өміріндегі үлкен оқиға болды. Фильмнің көрермендерге ұнағандығы соншалық, көрермен залынан шыққан жұрт билетке кезекке қайтадан тұрған. БАҚ та фильмге жақсы баға берді, ал оның авторлары Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталды



Пайдаланылған әдебиеттер

- ▶ <http://el.kz/>
- ▶ <http://e-history.kz/>
- ▶ <http://yvision.kz/>